

Мәшһүр Жүсіп мешіті әлемді таңдандырды



Павлодар қаласындағы орталық Мәшһүр Жүсіп мешіті - еліміздегі ең көрікті мешіттердің бірі. Әсем ғимарат жуырда әлемдегі ең әдемі 10 мешіттің қатарына енген. Мұндай хабарды еліміздегі діни сайттар таратты. Үздік ондықтың қатарына Қазақстан мешітінен бөлек Малайзияның «Мөлдір», «Путра», «Убудий» мешіттері, Пәкістанның «Фейсал», Түркияның «Шакирин», Мали Республикасының «Дженнен», Ресейдің «Кул Шариф», Канаданың «Байтуннур» және Брунейдің «Сұлтан Омар Али Сайфуддин» мешіттері енген.

Көріктілігі жағынан әлем мұсылман-дарының көзайымына айналған Мәшһүр Жүсіп мешітінің алғашқы іргетасы 1999 жылдың қазан айында қаланып, ғимарат 2001 жылы қолданысқа берілген болатын. Мұнда бір уақытта 2,5 мың адам намаз оқып, құлшылық жасау мүмкіндігі бар.

Мешіт ғимараты негізінен үш қабаттан тұрады. Ішкі аумағы 5320 шаршы метрді құрайды. Ғимараттың кірпіштен салынған сегіз қырлы 4 мұнарасы бар. Олардың әрқайсысының биіктігі – 63 метр. Ал күмбездің биіктігі 50 метрден асады, ол темірден құрастырылып, арнайы сәулет материалымен қапталған.

Ғибадатхананың бірінші қабатында 400 орындық асхана, намаз оқуға арналған 2000 орындық ерлердің және 500 орындық әйелдердің бөлмесі бар. Сонымен қатар дәрісхана, кітапхана, киім ілетін орындар мен демалыс және сүндетке отырғызу бөлмелері замануи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ал екінші қабатында Ислам дінінен және мешіт тарихынан сыр шертетін мұражай, көпшілікке арналған кітапхана, бейне залы, мәжіліс залы, есеп-қисап және имамдар бөлмесі бар. Неке қию және сәбиге азан шақырып ат қою орындары да орналасқан.

Төбесіне ай орнатылған мешіт мұнаралары көш жерден «мен мұңдалап» көрініп тұрады. Бұл адамзаттың асыл дінімізге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыра отырып, Ислам нағыз өркениеттің діні екенін ұғындырып тұрғандай...

Тілеуберді САХАБА